



Тақырыбы:
**Жұқпалы аурулардың
эпидемиологиялық жіктелуі**

Қабылдаған: Тулешова А

Орындаған: Бахрам Ә

Топ: СТК -228

Факультет: Медицина

Жоспар:

I негізгі бөлім:

II негізгі бөлім:

A Жұқпалы аурулар

Ә Қазіргі уақыттағы жұқпалы аурулар ішінен ең күнделі мәселелер:

Б Жұқпалы аурулардың жіктелуі :

В Жұқпалы аурулардың емдеу принциптері:

III қорытынды бөлім

IV пайдаланылған әдебиеттер:

Жұқпалы аурулар (латын сөзі infection — жұқтыру)- бір топ патогенді қоздырғыштармен шақырылатын; жоғары жұғуымен, цикл түрінде өтуімен сипатталатын, арнайы иммунитет құратын, кең таралған аурулар. Жұқпалы аурулардың әлеуметтік- экономикалық маңыздылығы. Әлеуметтік- экономикалық мағынасы 2 фактордан құралады Сырқаттану деңгейі

Өлім көрсеткіші деңгейі

Адам патологиясының ішінде үлес салмағы 60-70 % (ДДҰ жүрек тамыр және онкологиялық аурулардан кейін 3 орында). Жұқпалы аурулардың назологиялары мыңнан астам. Жұқпалы аурулар дүние жүзінде маңызды мәселелердің бірі. Бұрын- эпидемиялар мен пандемиялар (оба, нағыз шешек, холера, бөртпе сүзегі, іш сүзегі, грипп т.б – адам өліміне басты себебі болған. Қазіргі күнде- көптеген инфекциялармен сырқаттану біршама төмендеуде.

Бұрын төмендеген инфекциялар өршіп, қайтадан бас көтеруде (туберкулез, дифтерия, безгек, холера)

Кейбір табиғи инфекциялардың белсенділігі жоғарлауда (оба, кене энцефалит, геморрагиялық қызбалар, лептоспироз)

Зоонозды инфекциялардың таралуы кеңейген (сібір жарасы, туляремия, құтырма)

Жана аурулар пайда болып жатыр (АИТВ, ротовирусты синдром, Лайм ауруы, вирусты геморрагиялық қызбалар, боррелиоз, легионеллез, холера бенгал)

Баяу дамидын нерв жүйесінің зақымдауымен өтетін аурулар көбеюде

Қазіргі күнде жұқпалы аурулардың құрамында көбінесе вирустармен шартты патогенді микробтар шақыратын инфекциялардың үлес салмағы жоғарлауда.

Жұқпалы аурулардың ерекшеліктері:

Жұқпалы ауру туу үшін этиологиялық фактор қажет.

Қоздырғыш организмде қорғаныс факторларын (капсула, L — түрлері) түзіп, өзіне тіршілік етуіне әрекет жасайды (соның ішінде антибиотиктерге төзімділік құрастыру).

Жұқпалы ауруларға жұғыстық тән, әр науқас – ауру көзі ретінде қауіпті. Жұқпалы аурулар кең таралып, «лап етіп» өршу, эпидемия немесе пандемия түрінде өтеді. Жұқпалы аурулар көбінесе циклдік түрде өтеді (соматикалық, хирургиялық аурулардан басты айырмашылығы) Бірталай жұқпалы аурулардан кейін тұрақты, ұзақ иммунитет қалыптасады (қызылша, дифтерия, скарлатина, желшешек т. б), кейбір аурулардан кейін типіне байланысты қысқа мерзімді иммунитет (ішек инфекциялары), кейбір инфекциялардан кейін иммунитет қалыптаспайды.

Қазіргі уақыттағы жұқпалы аурулар ішінен ең күнделі мәселер:

аурухана ішіндегі инфекциялар
антибиотик төзімді штаммдар.

Қазақстан Республикасында кездесетін жұқпалы аурулар
ЖРВИ, соның ішінде грипп і

шек инфекциялары (дизентерия, сальмонеллез, ботулизм,
АИТВ, ВГА)

менингококкты инфекция


балалар инфекциясы (қызылша, шел шешек, эпидпаротит ж.т.
б.)

бруцеллез сибір жарасы

лептоспироз

листериоз көктемгі-жазғы энцефалит ҚҚГҚ (Конго-Қырым
геморрагиялық қызбасы)

оба тілме құтырма.



Жұқпалы аурулардың жіктелуі :
Этиологиялық факторы бойынша
бактериялды
вирусты
паразитарлы
саңырауқұлақтармен шақырылатын
риккетсиоздар
Таралу ортасына байланысты
антропоноздар
Зооноздар
зооантропоноздар
сапроноздар

Таралу механизмі бойынша (Л. З. Громашевский)
ішек аурулары ауа- тамшы инфекциялары
қан инфекциялары
тері және шырышты қабат
инфекциялары туа біткен аурулар
Инфекциялық үрдістің даму түрлері.
Инфекция (infection –жұқтыру, жұғыстық)- ауру
қоздырғышы (микроорганизм) адам организміне
(макроорганизмге) еніп, сыртқы ортаның жағдайына
байланысты қарым қатынасқа түсіп, нәтижесінде
инфекциялық процесстің бір түріне апаратын жағдай.
Инфекциялық процесс — қоздырғыштың патогенді
әсерінен адам организмінде туатын қорғаныс
физиологиялық және патологиялық реакциялардың
жиынтығы

Инфекциялық үрдістің түрлері Манифестік түрлері (клиникалық көріністер болған кезде)

жедел

созылмалы

Бактерия тасымалдаушы:

сау адамдар арасында болатын, сонын ішінде транзиторлы аурудан кейін дамидын жедел (3 айға дейін)

созылмалы түрде (3 айдан кейін, оның ішінде өмір бойы)

Латенттік (жасырын, иннапарантты)

Баяу дамидын инфекциялар (құтыру ауруы, герпес инфекциясы)

Инфекциялық үрдістің түрлері

Инфекциялық ауру әртүрлі көріністермен байқалатын инфекциялық үрдістің жоғары дәрежесі.

Байқалу көріністері

клиникалық

Патоморфологиялық

биохимиялық

иммунологиялық

Жұқпалы аурулардың диагностикалық принциптері Болжам диагноз: шағымдары, эпидемиологиялық мәліметтер, клиникалық көріністер
Клиникалық диагноз: болжам диагноздың негіздеуімен лабораторлы зерттеу нәтижелері Қорытынды диагноз: клиникалық диагноздың негіздеуі, динамикада бақылау мәліметтер Клиникалық мәліметтерді анықтау.
Науқастың шағымдары (субъективті белгілер) Сырқат анамнезі Объективті көріністер
Шағым жинау ерекшеліктері Шағымдар белсенді түрде анықталу керек
Сырқаттың дамуын күн сайын, кейде сағат сайын анықтау Сырқаттың алғашқы белгілерінің пайда болу уақыты Сырқаттың басталу түрі (кенеттен, біртіндеп) Продромалды кезең белгілері Клиникалық белгілердің пайда болуы мен реттілігі. Қолданылған дәрі-дәрімектер

Жұқпалы аурулар жиі кездесетін синдромдары: Жалпы улану (интоксикация) қызба синдромы экзантема синдромы респираторлы синдром диарея синдромы сарғаю синдромы лимфаденопатия синдромы менингиальды гепатолиенальды синдромдар.


Эпиданамнез. Мақсаты: пайда болған аурудың көзін, тарау жолын факторларын анықтау. зерттеу мерзімі инкубация кезең мерзіміне байланысты. нақты сұрақтар қойылып анықталады. эпидимиологиялық мәліметтер анықталмаған жағдайда диагноз қоюға кедергі болмау керек эпидмиологиялық анамнезді жинаған кезде жоспарлы және эпид. көрсеткіштер бойынша жасаған егулер жөнінде мәліметтеранықталады.

Жұқпалы ауруларды госпитализациялау ережелері Міндетті түрінде (іш сүзегі, менингококты инфекция, ботулизм, сібір жарасы т.б). Клиникалық көріністер бойынша (клиникалық асқынулар, ауыр ағымы).

Эпидемиологиялық көріністер бойынша (эпидемиологиялық ошақтарты залалсыздандыр шаралары) Жұқпалы ауруларға көмек көрсететін медициналық мекемелер Инфекциялық ауруханалар (ересектерге және балалар бөлімшесімен). Емханалар құрамында жұқпалы аурулар кабинеттері. Жұқпалы аурулардың ғылыми зерттеу институттары. Инфекциялық стационар тәртібі Инфекциялық аурулардың контагиоздылығын ескере отырып, инфекциялық стационарда төмендегілерді қарастыратын (ауруханаішілік инфекцияларды жоққа шығару үшін) эпидемияға қарсы тәртіп сақталу керек (жай инфекциялар кезінде):

- Бокс түрінде диагностикалық палаталар немесе бөлімдердің болуы;
- Инфекциялық ауруларды нозологиялық форма бойынша госпитализациялау;
- Күнделікті дезинфекцияны және науқасты шығарған кезде қорытынды дезинфекцияны жүргізу;

Жұқпалы аурулардың емдеу принциптері:
Уақытында басталу керек
Комплексті болу керек
Патогенетикалық емді негіздеу қажет
Әр науқасқа жеке ерекшеленген ем қолдану керек
«Комплексті ем» ұғымына кіретін жағдайлар: рациональды күн тәртібі дұрыс тамақтану да ем болады
этиотропты ем
патогенетикалық ем
спецификалық ем
симптоматикалық ем
физиопроцедуралар санаторлы — курортты ем
Ақпарат
Жұқпалы аурулардың алдын алу: Жұқпалы аурудың алдын алу принциптері: спецификалық спецификалық емес вакциналар сары сулар анатоксиндар



Қорытындылай келе, жұқпалы аурулар (латын сөзі infection — жұқтыру) - бір топ патогенді қоздырғыштармен шақырылатын; жоғары жұғуымен, цикл түрінде өтуімен сипатталатын, арнайы иммунитет құратын, кең таралған аурулар.

Адам патологиясының ішінде үлес салмағы 60-70 % (ДДҰ жүрек тамыр және онкологиялық аурулардан кейін 3 орында). Жұқпалы аурулардың назологиялары мыңнан астам. Жұқпалы аурулар дүние жүзінде маңызды мәселелердің бірі. Бұрын-эпидемиялар мен пандемиялар (оба, нағыз шешек, холера, бөртпе сүзегі, іш сүзегі, грипп т.б – адам өліміне басты себебі болған. Қазіргі күнде- көптеген инфекциялармен сырқаттану біршама төмендеуде.

Назар аударғандарыңызға
рахмет!!!

